

Тақырыбы: Ардақтайық ананы!

Мақсаты: Балаларға 8 - наурыз халықаралық мейрамы екенің ұғындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолғанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Қымбатты балалар, сүйікті апалар, құрметті әріптестер!

Бүгін біз көктемнің алғашқы мерекесі күні әсем залға 8 - наурыз аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Бұл кім?

Балалар: Ана, ана, ана!

Жүргізуші: Құрметті аапайлар ,бүгінгі сіздерге арналған мерекемізді бастаймыз.

Бүгін наурыздің 8 - і

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі.

Тақпақтар: Аналарымызға арнаған тақпаққа кезек берейік.

Ханшайым: Жанымызды жайнатқан,

Сіздерсіз ғой аналар!

Ғазиза: Әлпештеген, аялаған,

Ақ сүт берген апатайым

Айкөркем: Сәлем жолдап бүгін саған

Мерекеңмен құттықтаймын

Зере: Бал бөбегін баптаған,

Мамам үшін мақтанам.

Көзайым: Аялайтын біздерді

Көп жасасын ақ мамам!

Есік қағылып көк көйлек киген Ару көктем кіріп келеді.

Ару көктем:

Мен көңілді көктеммін,

Былтыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал екенмін.

Гүл боп қырда егілем,

Дән боп жерге себілем.

Жаңбыр болып жауам да,

Нұр боп көктен төгілем.

Шуағын төгіп әлемге.

Жылуын күннің әкелем.

Табиғаттың төсіне тіршілігін сыйлаймын.

Жүргізуші. Амансың ба, Ару көктем? Ұлан - байтақ жерімізге қош келдіңіз.

Шуағынды шаттандырып, нұрыңды мол төгебер.

Көктем: Мынау менің құшағым толы қыр гүлін, гүлдей жайнаған қыздарға сыйлағым келіп отыр.- деп гүлдерді таратады. Осы гүлдей, құлпыра беріндер, аяулы аналар, әжелер, мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Ал, Ару көктем біздің қыздарымыздың өнерін тамашалаңыз

Би: Аппақ гүлдер

Тақпақтар: Аналарымызға Әжелерімізге апаларымызға арнаған тақпаққа кезек берейік.

Б Нурай:Мамаларды сүйеміз

Сөзін ойға түйеміз.

С Нурай:Әжені де ардақтап

Әдеппен бас иеміз.

Мариям:Әжетайым, әжетай

Сізді жақсы көреміз.

Рамазан:Сізге өлең – тақпақты

Жатқа айтып береміз.

Мирас: Шуағынды сепкен

Күнімізсің әже.

Дарын:Жұлдыздарың боп,

Айналамыз әже.

Сұлтан:Көктем деген қыстағы

Әніміз ғой айтатын.

АлинурКөктем деген құстар ғой,

Туған жерге қайтатын.

Қ Алихан Көктем күні шуақты,

Көктем күні қуатты.

Зелимхан:Мал жағалап суатты

Сай –саламен су ақты.

Музыка шығады:

жүргізуші: Балалар бүгін біздің мерекеге тағы бір қонақ келе жатқан сияқты.

Көңілді музыка ырғағымен **Әтеш кіріп келеді.**

Әтеш: Жан - жағыма қарасам,

Қонақтар өте көп екен.

Ұлдар да көп, қыздар да көп

Апайларда мұнда көп

Мен Әтешпін,

Ақылыма көркім сай.

Ұнаймын жұрттың бәріне

Үлкенге де, кішіге.

Келіп қалдым мен бүгін,

Құттықтауға сіздерді.

Тәрбиеші: Рахмет, саған Әтеш!

Әтеш: Мен билегенді жақсы көремін. Кім менімен билейді?

Би: «Шөжелерім»

Ойын «Кір жаю»

Шарты: Балалар шелектен жуылған бет орамалдарды алып беріп тұрады, ал қыздар жіпке іледі. Бірінші болған топ шелектерін қолдарына алып орындыққа отырады.

ән «**Әжетайым**»

Ата - аналарға ,апайларға құттықтау сөз кезегін беру

Тәрбиеші: Сүйкімді ғой балалар

Өнерлі ғой баршасы

Міне, осындай қойылым

Көрсетті «Күншуақ» бақшасы.

Құрметті аналар мен әжелер! Сіздерді «Еркетай» тобының бүлдіршіндері атынан шын жүректен құттықтаймыз. Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз әрқашан аман болсын!



